

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі № 343 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қыркүйекте № 9-3-115 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 390 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009.10.30 № 390 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихатының № 7 Абай сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізуге байланысты үгіттік баспа материалдарын орналастыруды ретке келтіру мақсатында, Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін келесі орындар белгіленсін:

- 1) Қалалық мәдениет сарайы, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Арқалық азық-түлік компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны алды;
- 2) "Әсем" фотосалонының, "Айна" сауда дүкенінің алды.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ. Ш а х м е т о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Т. Төлеубаев

КЕЛІСІЛДІ:

Арқалық аумақтық  
сайлау комиссиясы  
төрағасының орынбасары

----- Д. Нұрлыбеков

2009.09.17